

**7M01506 - География білім бағдарламасы**  
(ғылыми - педагогикалық бағыт)

**Түскен жылы 2023**

<b>Цикл/ компонент</b>	<b>Пәннің коды</b>	<b>Пән атауы</b>	<b>Семестр</b>	<b>Кредит саны ҚР/ECTS</b>
<b>Кәсіптендіру пәндері</b>				
<b>1. Модуль - Жалпы білім беру (15 академиялық кредит)</b>				
БП ЖК	GTF 5201	Ғылым тарихы мен философиясы (қазақ тілінде)	1	3/3
БП ЖК	ShT (K) 5202	Шетел тілі (кәсіби) (ағылшын тілінде )	1	3/3
БП ЖК	ZhMP 5203	Жоғары мектептің педагогикасы (ағылшын тілінде)	1	3/3
БП ЖК	BP 5204	Басқару психологиясы ( орыс тілінде)	1	3/3
БП ЖК	GZUZh 5205	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау (ағылшын тілінде)	1	3/3
<b>2.1 Модуль- Географиялық білім (30 академиялық кредит)</b>				
КП ЖК	GGTA 5301	География ғылымының тарихы мен әдіснамасы (орыс тілінде)	1	5/5
БП ТК	GSNO 5206	Географияны STEM негізінде оқыту (ағылшын тілінде)	1	5/5
	MGZZh	Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	1,2	16/16
<b>2.2 Модуль- Географияда ғылыми зерттеулер (30 академиялық кредит)</b>				
КП ЖК	GGTA 5301	География ғылымының тарихы мен әдіснамасы (орыс тілінде)	1	5/5
БП ТК	ZhOO OAOO 5206	ЖОО және OAOO географияны оқыту технологиясы (ағылшын тілінде)	1	5/5
	MGZZh	Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	1,2	16/16
<b>3.1 Модуль- География ғылымының теориялық- әдістемелік негіздері (14 академиялық кредит)</b>				
БП ТК	GB 5207	Геоэкологиялық білім (қазақ тілінде)	2	5
БП ТК	EGADMO 6305	Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту (орыс тілінде)	2	5
КП ЖК	BBBZhTU 5302	Білім беруде балалар мен жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру (қазақ тілінде)	2	4
КП ЖК	ZhOO GAO 5303	ЖОО географияны оқыту әдістемесі (қазақ тілінде)	2	5

<b>3.2 Модуль- География ғылымының өзекті проблемалары (14 академиялық кредит)</b>				
БП ТК	GOEBB 5207	Географияны оқытудағы экономикалық білім беру (қазақ тілінде)	2	5
КП ЖК	BBVZhTU 5302	Білім беруде балалар мен жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру (қазақ тілінде)	2	4
КП ЖК	ZhOO GAO 5303	ЖОО географияны оқыту әдістемесі (қазақ тілінде)	2	5
<b>4.1 Модуль- Оқыту әдістемесі және географияның заманауи проблемалары (5 академиялық кредит)</b>				
КП ТК	TD 6305	Тұрақты даму (қазақ тілінде)	2	5
<b>4.2 Модуль- Географиядағы инновациялық технологиялар (5 академиялық кредит)</b>				
КП ТК	EGZhB 6305	Әлеуметтік географияның жаңа бағыттары (қазақ тілінде)	2	5

### **2.1 Модуль- Географиялық білім (30 академиялық кредит)**

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** География ғылымының тарихы мен әдіснамасы (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Кубесова Г. Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Курстың мақсаты географияның тарихы мен даму заңдылықтары туралы және оның түрлі кәсіби және әлеуметтік салаларда пайдалану әдіснамасы туралы білімді қалыптастыру.

**Курстың қысқаша мазмұны:** (*Негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары*): Курсты оқу нәтижесінде білім алушыларда географияның даму тарихы, география ғылымының адам мен қоғам үшін маңызы туралы білім қалыптасады, географиялық білімдерін табиғатты тиімді пайдалану сферасындағы міндеттерді шешуге, қоғамның әлеуметтік және өндірістік қызметтерін территориялық тиімді ұйымдастыруда пайдалану дағдылары қалыптасады.

**Пререквизиттері:** "ЖОО географиялық білім". Жалпы жертану", "Ландшафтану".

**Постреквизиттері:** Геоэкологиялық білім, Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту, болашақ кәсіби қызметке қажет.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) география ғылымның теориялық негіздерін, даму тарихын білу; география ғылымның әдістері туралы түсінікке ие; В) Қазіргі заманғы экономикалық география ғылымның әдістері туралы білімді пайдалану; географиялық жоспарлау, болжау үшін қолданады; С) Ғылым мен оқу пәнінің логикасын қалыптастыру; аумақтық өндірістік кешендердің өзара байланысының нәтижелерін талдау; D) Зерттеу жүргізудің тиімді әдісін анықтау; аумақтық өндірістік кешендердегі себеп-салдарлық қатынастарды қарастыру; географиялық ойлаудың дамуына ықпал ету; E) Физикалық, Экономикалық география ғылымның әдістерін бағалайды және салыстыру, болжам жасау; экономикалық, физикалық, география география ғылымы бойынша деректерін пайдалану.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Географияны STEM негізінде оқыту (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Абдуллина А. Г.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Курс болашақ жаратылыстану-ғылыми пәндері мұғалімінің STEM құзыреттілігін қалыптастырады.

**Курстың қысқаша мазмұны:** *(Негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары):* Курсты аяқтағаннан кейін білім алушылар оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту үшін зерттеу әдістерін қолдана отырып, оларды ғылыми-зерттеу қызметіне одан әрі баулу мақсатында оқушыларды белсенді оқытуға қалай тарту керектігін үйренеді. Теориялық және қолданбалы дағдыларға негізделген оқытуға мотивацияны арттыру үшін мектептегі білім беруде заманауи білім беру ресурстарын, пәнаралық байланысты және метапәндікті қолдану дағдыларын қалыптастырады

**Пререквизиттері:** "Географиялық білімдегі заманауи тенденциялар", "ЖОО географиялық білім". Жалпы жертану", "Ландшафтану"

**Постреквизиттері:** Геоэкологиялық білім, Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту, болашақ кәсіби қызметке қажет.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

## 2.2 Модуль- Географияда ғылыми зерттеулер (30 академиялық кредит)

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** ЖОО және ОАОО географияны оқыту технологиясы (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Сулейменова Г.Ж.

**Курсты оқытудың мақсаты:** ЖОО және ОАОО географияны оқыту технологиясын, географияны оқытудың заңдылықтарын, оқыту және тәрбие процесі туралы меңгерту.

**Курстың қысқаша мазмұны:** *(Негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары):* Оқыту технологиялары – жоспарлау, жүйелеу әдісі. Оқытудың тиімді формалары. Оқу процесінде қолданылатын ең тиімді технологиялардың бірі – оқу жүйесі арқылы іске асатын педагогикалық технологиялар. Бұл жағдайда оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ өзгереді. Оның өзгеруі мектептің білім беру тұжырымдамасының өзгеруімен байланысты. Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивтік әдістерін қолданумен байланысты. Интерактивті сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен әлде немен сұхбаттасу режимінде болады.

**Пререквизиттері:** "ЖОО географиялық білім". Жалпы жертану", "Ландшафтану", "Педагогика".

**Постреквизиттері:** Геоэкологиялық білім, Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту, болашақ кәсіби қызметке қажет.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Оқытудың негізгі түрі ретінде фронтальды оқытудың негізінде әрбір студенттің тиімді жеке бағдарлама бойынша оқуын қамтамасыз ету;

В) педагогикалық ортадағы оқыту процесін тиімділігін арттыруға мүмкіншілік жасау;

С) оқытудың қызықтыру, іс-әрекетті меңгеру мақсатын меншіктеу, іс- әрекетті бағдарламалау, іс-әрекетті меңгеру деңгейін бақылау, белсенділік.

D) өзіндік танымдық әрекет принциптерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

E) дәстүрлі педагогикалық принциптер мен заңдылықтардан бас тартпау, олардан үйрену, жетілдіру, жаңаша көзқараста пайдалану.

## 3.1 Модуль- География ғылымының теориялық- әдістемелік негіздері (14 академиялық кредит)

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Геоэкологиялық білім (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Аскарова Г.К.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Курстың мақсаты студенттерге табиғат және қоғамның өзара әсері нәтижесінде табиғи шарттар мен ресурстарды тиімді пайдаланудың негізделген тәжірибиесі туралы базалық білімді қалыптастыру болып табылады.

**Курстың қысқаша мазмұны:** *(Негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары)* Геоэкологияның теориялық негіздері географиялық қабық пен Жер биосферасы дамуының заңдылықтарымен айқындалады. Әдістемелік тәсілдері мен ғылыми-практикалық мақсаттарына қарай экологияның зерттеу нысандары қатарына экожүйелер де геожүйелер мен ландшафттар да кіреді. Геоэкология биология, география ортақтаса күш салуы арқасында Жерді және ондағы тіршілікті кешенді зерттеуге мүмкіндік береді.

**Пререквизиттері:** География ғылымының тарихы мен әдіснамасы (орыс тілінде), ЖОО және ОАОО географияны оқыту технологиясы (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттері:** Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту (орыс тілінде), Әлеуметтік географияның жаңа бағыттары (қазақ тілінде).

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) табиғатты пайдалану және экологияның химиялық, биологиялық, физикалық негіздерін игеру үшін химия, биология және химияның фундаменталды бөлімдерін игереді; В) геоэкология оқытудағы зерттеу әдістерін меңгереді; С) биосфера эволюциясы, жер геосфералары күйі, ғаламдық экологиялық мәселелер жайлы білім қалыптастырады; D) табиғаттағы және техносферадағы қазіргі заман динамикалық үрдістері жайлы білімдерді таңдай біледі; E) биологиялық көптүрлілікті идентификациялау және оны бағалаудың қазіргі заман әдістерімен танысады.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Кубесова Г.Т.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Экономикалық география және аймақтық дамудың теориялық және әдіснамалық негіздері, әлемдік экономика, халық шаруашылығының салалық, аумақтық құрылымы, аймақтардың даму факторлары мен перспективалары туралы түсінік қалыптастыру.

**Курстың қысқаша мазмұны:** *(Негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары)* Экономикалық және әлеуметтік географияның теориялық негіздері. Қоғамның аумақтық ұйымдастырылуы (ҚАҰ) және аймақтық даму теориясы. Еңбектің географиялық (аумақтық) бөлінуі туралы ілім. Экономикалық-географиялық жағдай туралы ілім. Табиғи жағдайлар мен ресурстарды экономикалық-географиялық зерттеу. Халық шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы. Экономикалық-географиялық аудандастыру. Қазақстан мен ТМД елдері экономикасының базалық салаларын қалыптастыру, дамыту, аймақтық даму және аймақтық өсу. Қазақстанның және басқа елдердің аймақтық даму факторлары мен ерекшеліктері.

**Пререквизиттері:** ЖОО және ОАОО географияны оқыту технологиясы (ағылшын тілінде), Геоэкологиялық білім (қазақ тілінде).

**Постреквизиттері:** География ғылымының заманауи проблемалары (қазақ тілінде), өндіріс салаларындағы болашақ кәсіби қызметте тапсырмаларды орындау үшін қажет.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Экономикалық география және аймақтық дамудың теориялық – әдіснамалық негіздерін, курс бойынша ұғымдық-терминологиялық аппаратты білу; өңірлердің қалыптасуы мен дамуы, географиялық (аумақтық), халықаралық еңбек бөлінісі (ХЕБ), экономикалық-географиялық жағдайы (ЭГЖ), халық шаруашылығы туралы түсінікке ие болу;

В) нарықтық экономика жағдайында әлемдік шаруашылықты қалыптастыру, орналастыру және дамыту заңдылықтары туралы білімді меңгеру; экономикалық-географиялық

аудандастыру туралы білімді пайдалану; болашақ кәсіби қызметіндегі курс бойынша ақпараттық ресурстарды, әдеби көздерді, картографиялық туындыларды қолдану;

С) аймақтардың даму деңгейін сипаттайтын негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді талдау; халық шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы, аумақтық-өндірістік кешендер (АӨК) туралы білімдерін кеңейту; аймақтық даму факторларының рөлін және олардың қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі трансформациясын айқындау;

Д) өндірістегі себеп-салдарлық байланыстарды анықтау; аумақтар мен жекелеген объектілердің кешенді экономикалық - географиялық сипаттамасының жоспарын жасау; өнім өндіру жөніндегі графиктерді, диаграммаларды, кестелерді құру; ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу мәселелері бойынша қорытындылар жасау;

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Білім беруде балалар мен жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Аскарова Г.К.

**Курсты оқытудың мақсаты:** Магистранттардың білім беруде балалар мен жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру саладағы ғылыми-практикалық білімін, іскерліктері мен құзыреттерін туристік жорықтарды, жарыстарды ұйымдастыру және өткізу және оларды кәсіби деңгейде жүзеге асыру.

**Курстың қысқаша мазмұны:** *(Негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары):* Білім беруде балалар мен жасөспірімдер туризмін ұйымдастыру-бұл балалар мен жасөспірімдерге білім беру және дамыту мақсатында туристік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге бағытталған қызмет жүйесі. Пәннің бұл түрі білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені ол магистранттарға туристік қызмет саласын және оның өлкетанудағы маңыздылығын зерттеуде жаңа білім мен дағдыларды, шығармашылық әлеуеті мен жеке қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. **Пререквизиттері:** География ғылымының тарихы мен әдіснамасы (орыс тілінде), ЖОО және ОАОО географияны оқыту технологиясы (ағылшын тілінде).

**Постреквизиттері:** Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту, болашақ кәсіби қызметке қажет.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А. Туризмнің тарихы мен түрлерін (халықаралық және ішкі туризм, әлеуметтік экологиялық, іс-шаралық, спорттық, іскерлік, сауықтыру-сауықтыру, мәдени-ағарту, діни, рекреациялық) біледі және клиенттің туристік маршрутты дайындау кезінде осы талаптарға сәйкес пайдаланады.

В. Туристерге қызмет көрсету және ақпараттық әңгіме ұйымдастыру бағдарламаларын жасайды, туристік бизнестегі серіктестермен және туристік нарықты маркетингтік зерттеудің әртүрлі түрлері мен құралдарын пайдалану үшін шарттар жасайды.

С. Қазақстандағы және шетелдегі қызмет көрсету өндірісінің факторлары мен туризм инфрақұрылымының әсерін түсінеді және білімін қолданады, әлеуметтік экономика мен туризмнің жағдайын бағалай алады және қызмет көрсетуге сұраныс пен ұсынысты талдай алады.

Д. Әртүрлі курорттық аймақтардың табиғи факторларын сипаттайды және алған білімдерін, дағдыларын, меңгеріп кәсіптік қызметте қолданады.

Е. Туристік бизнес пен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуінің ең жақсы нұсқаларын анықтау үшін ақпаратты жинайды, түсіндіреді және оны әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, белсенді туризм мен салауатты өмір салтын насихаттау үшін тиімді пайдаланады.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E).

**Пәннің атауы:** ЖОО географияны оқыту әдістемесі (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Сулейменова Г.Ж.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** «ЖОО географияны оқыту әдістемесі» курсы – магистранттарды оқытушы орындайтын түрлі міндеттерде шығармашылық шешуді қамтамасыз ететін, педагогикалық іскерліктермен және әдістеме ғылымының теориялық әрі әдістемелік негіздерін, психологиялық, педагогикалық және географиялық ғылымдардың байланысында оқыту

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** Орта мектептегі географиялық білімнің құрылымы мен мазмұны. Географияны оқыту әдістері. Географияны оқытудағы жаңа технологиялар. Географияны оқыту құралдары. Ұғымдар, заңдылықтар, мен құбылыстарды оқытудың әдістері мен түрлері. Геоинформатиканың негіздері және географиялық-ақпараттық жүйе (ГАЗ) – технологиясы. Географияның жекелеген курстарын оқып-үйренудің әдістері

**Пререквизиттері:** География ғылымының тарихы мен әдіснамасы (орыс тілінде), ЖОО және ОАОО географияны оқыту технологиясы (ағылшын тілінде).

**Постреквизиттері:** География ғылымының заманауи проблемалары (қазақ тілінде), болашақ кәсіби қызметтің және докторантурада білім алудың негізі, өндірістік практика, әдістемелік жобалар.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Географиялық ғылымның және географиялық білім берудің негізгі мәселелерін білу;

В) ЖОО оқу жоспарларының құрылымы мен құрылысы, бағдарламалары мен оқулықтарын, мемлекеттік білім беретін стандарт орнатылатын географиялар бойынша мектеп оқу жоспары талдай біду;

С) бағдарламалар және оқулықтарды, мазмұнның минимумына талап және оқушылардың дайындық деңгейін саралау;

Д) мемлекеттік білім беретін орнатылатын стандарт бойынша мазмұнның минимумына және студенттер, оқушылардың дайындық деңгейіне талаптармен сәйкес сабақты жоспарлау.

Е) бағалау аналитикасы, оқушылардың дайындық деңгейлеріне, олардың және қоғам талаптарына сәйкес алатын білім бағдарламасының жүзеге асырылуы және таңдалуы.

### 3.2 Модуль- География ғылымының өзекті проблемалары (14 академиялық кредит)

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E).

**Пәннің атауы:** Географияны оқытудағы экономикалық білім беру (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Кубесова Г.Т.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** Курс географиялық білім берудегі экологияландырумен, магистрлерді даярлау мазмұнына экологиялық материалды, экономикалық және географиялық білім беру ерекшеліктерін қосумен байланысты инновациялық білімді меңгертеді. Курс тұрақты дамумен байланысты білім беруді дамытудың әлемдік моделін жүзеге асырады.

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** Мектеп географиясы курсындағы геоэкологиялық тәсіл. Геоэкологиялық тәсіл тұжырымдамасы. Экономикалық тәрбие мен экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы географияның рөлі. Мектеп географиясы курсында геоэкологиялық көзқарасты жүзеге асыру мүмкіндіктері. Мектеп географиясы курсында аймақтық геоэкологиялық мәселелерді зерттеу. Сабақтан тыс уақыттағы аймақтық экономикалық мәселелерді анықтау бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

**Пререквизиттері:** «ЖОО географияны оқыту әдістемесі», " География ғылымының тарихы мен әдіснамасы (орыс тілінде)".

**Постреквизиттері:** «Ақтөбе облысының аймақтық дамуының өзекті мәселелерін оқыту (орыс тілі)», «География ғылымының заманауи проблемалары (қазақ тілінде)».

- Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) жаратылыстану-ғылыми пәндер мен мектеп география курстарының геоэкологиялық мазмұнын меңгеру, құрастыру
- В) экологиялық бағыттағы негізгі және қосымша географиялық білім берудің авторлық бағдарламаларын, экологиялық білім беруде білім алушылардың жеке білім беру бағыттарын жобалау;
- С) педагогикалық инновацияларды қолдана отырып, географиялық және геоэкологиялық білім беруде оқу-тәрбие процесін жобалау;
- Д) нақты ғылыми-зерттеу міндеттерін шешуде зерттеу әдістерінің кешенін қолдану арқылы ғылым және білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау, жүйелеу және қорытындылау
- Е) заманауи ғылыми әдістер мен технологияларды пайдалана отырып, геоэкологиялық білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру.

#### 4.1 Модуль- Оқыту әдістемесі және географияның заманауи проблемалары (5 академиялық кредит)

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E).

**Пәннің атауы:** Тұрақты даму (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Сергеева А.М.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** Қоғам мен табиғат арасындағы өзара қарым-қатынас нәтижесінде туындайтын экономикалық, әлеуметтік-экономикалық салдарды ескеретін табиғи жағдай мен ресурстарды және қоршаған ортаны тиімді пайдаланудың барынша негізделген ұтымды жолдарын қолданудың тәжірибелерін оқып-үйрену.

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** «Тұрақты даму» пәнінің мазмұны ресурстық қамтамасыз ету, өмір сүру ортасының сапасы, өмір сүру деңгейі аспектілерін қарастырумен анықталады. Тұрақты даму пәнінде ресурстардың барлық түрлерін тұтынуды азайту, қалдықсыз және аз қалдықты технологияларды енгізу, ауқымды табиғатты қорғау іс-шаралар қарастырылады. Табиғат пайдалану экономикасының ғылыми жаратылыс және экономикалық негіздерін талдау; Қазақстан Республикасының ресурстық әлеуетіне және экологиялық мәселелеріне жалпы сипаттама беру; Қазіргі таңда жұмыс істейтін табиғатты пайдалану экономикалық механизмінің негізгі элементтерінің мазмұнын ашып көрсету; Қазақстан Республикасында табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару жүйесінің мәселелері мен даму болашағын анықтау.

**Пререквизиттері:** «ЖОО және ОАОО географияны оқыту технологиясы (ағылшын тілінде)», «Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы».

**Постреквизиттері:** География ғылымының тарихы мен әдіснамасы (орыс тілінде), «Геоақпараттық картографиялау (ағылшын тілінде)», «География ғылымының заманауи проблемалары (қазақ тілінде)».

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) тұрақты даму ғылыми пән ретінде негізгі идеялары, тұжырымдамалары және даму деңгейлерін, теориялық-әдіснамалық негіздерін білуге тиіс;

В) Тұрақтылық индикациясының мақсаты, өлшемдері, тәсілдері, тұрақты даму индикаторларының жүйесі, интегралдық (агрегатталған) индикаторлар, тұрақты даму жолымен жүрудің шетелдік тәжірибелерін: Нидерланды тәжірибесін, Канада тәжірибесін, Жапонияның тұрақты даму жолымен алға жылжу тәжірибесін, тұрақты даму индикаторларының ұлттық-бейімделген жүйесін құру бойынша әдістерді қолдану;

С) игерілген теориялық білімді білім беру мекемесінде іс жүзінде қолдануы. Табиғатты пайдаланудың ғылыми негізі, тұрақты даму тұжырымдамасының ғылыми негіздері, тұрақты даму тұжырымдамасы – ұйымдық ресімдеу және қазіргі заманғы мазмұны, Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін, тұрақты дамудың қазіргі тұжырымдамасының негізгі ережелері мәселелерін анықтап және оларды жүзеге асыруы қажет;

Д) Техногендік әсерлер және олардың экологиялық регламентациясы, табиғат ресурстарын экономикалық бағалау қағидалары, табиғат ресурстарын экономикалық

бағалау түрлері мен ерекшеліктері, табиғат ресурстарын экономикалық бағалау уақыт факторын ескерту қажеттілігі, т.б. пікірлерді, ойларды, көзқарастарды пайымдап, сараптап, тұжырым жасау қабілеттері болуы шарт;

Е) "Жасыл" экономика элементтерін дамыту мен енгізудің тұрақты түріне көшу қажеттілігіне, "Жасыл" экономикаға көшуді экологияландырудың негізгі бағыттары, Қазақстан Республикасының табиғи ресурстық потенциалы және оны пайдаланудың мәселелері жұмыстарына баға бере білуі қажет.

#### 4.2 Модуль- Географиядағы инновациялық технологиялар (5 академиялық кредит)

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E).

**Пәннің атауы:** Әлеуметтік географияның жаңа бағыттары (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Сергеева А.М.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** Экономикалық және әлеуметтік географияның жаңа бағыттарын, саяси-географиялық зерттеулерді, әртүрлі аумақтық жүйелерді, жасыл экономиканың маңызы туралы меңгерту.

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** Әлеуметтік-экономикалық география (сонымен бірге әлеуметтік география) - қоғамның территориялық ұйымын, оның заңдылықтары мен заңдылықтарын зерттейтін географиялық ғылымдар жүйесі. Экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени географияға бөлінеді. Әлеуметтік-экономикалық география, ең көп таралған көзқарастар бойынша, экономикалық, әлеуметтік, тарихи, мәдени және саяси географиядан тұрады. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және физикалық аспектілерді біріктіретін аймақтану және әскери география көбіне әлеуметтік география деп аталады. Теориялық география әлеуметтік география үшін маңызды әдістемелік рөл атқарады.

**Пререквизиттері:** География ғылымының тарихы мен әдіснамасы (орыс тілінде), Географияны STEM негізінде оқыту (ағылшын тілінде).

**Постреквизиттері:** «Геоақпараттық картографиялау (ағылшын тілінде)», «География ғылымының заманауи проблемалары (қазақ тілінде)».

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) әлеуметтік географияның жаңа бағыттары ғылыми пән ретінде негізгі идеялары, тұжырымдамалары және даму деңгейлерін, теориялық-әдіснамалық негіздерін білуге тиіс;

В) Тұрақтылық индикациясының мақсаты, өлшемдері, тәсілдері, тұрақты даму индикаторларының жүйесі, интегралдық (агрегатталған) индикаторлар, тұрақты даму жолымен жүрудің шетелдік тәжірибелерін: Нидерланды тәжірибесін, Канада тәжірибесін, Жапонияның тұрақты даму жолымен алға жылжу тәжірибесін, тұрақты даму индикаторларының ұлттық-бейімделген жүйесін құру бойынша әдістерді қолдану;

С) игерілген теориялық білімді білім беру мекемесінде іс жүзінде қолдануы. Табиғатты пайдаланудың ғылыми негізі, тұрақты даму тұжырымдамасының ғылыми негіздері, тұрақты даму тұжырымдамасы – ұйымдық ресімдеу және қазіргі заманғы мазмұны, Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін, тұрақты дамудың қазіргі тұжырымдамасының негізгі ережелері мәселелерін анықтап және оларды жүзеге асыруы қажет;

Д) Техногендік әсерлер және олардың экологиялық регламентациясы, табиғат ресурстарын экономикалық бағалау қағидалары, табиғат ресурстарын экономикалық бағалау түрлері мен ерекшеліктері, табиғат ресурстарын экономикалық бағалау уақыт факторын ескерту қажеттілігі, т.б. пікірлерді, ойларды, көзқарастарды пайымдап, сараптап, тұжырым жасау қабілеттері болуы шарт;

Е) "Жасыл" экономика элементтерін дамыту мен енгізудің тұрақты түріне көшу қажеттілігіне, "Жасыл" экономикаға көшуді экологияландырудың негізгі бағыттары, Қазақстан Республикасының табиғи ресурстық потенциалы және оны пайдаланудың мәселелері жұмыстарына баға бере білуі қажет.



**7M01506 - География білім бағдарламасы**  
(ғылыми - педагогикалық бағыт)

Түскен жылы 2022

Цикл/ компонент	Пәннің коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны ҚР/ECTS
<b>Кәсіптендіру пәндері</b>				
<b>3.1 Модуль- География ғылымының теориялық- әдістемелік негіздері (5 академиялық кредит)</b>				
	PP	Педагогикалық практика	3	5/5
<b>3.2 Модуль- География ғылымының өзекті проблемалары (5 академиялық кредит)</b>				
	PP	Педагогикалық практика	3	5/5
<b>4.1 Модуль- Оқыту әдістемесі және географияның заманауи проблемалары (28 академиялық кредит)</b>				
КП ЖК	GK 6304	Геоақпараттық картографиялау (ағылшын тілінде)	3	5/5
КП ЖК	GBZT 6305	Географиялық білім берудегі заманауи тенденциялар (қазақ тілінде)	3	5/5
КП ТК	EGADMO 6306	Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту (орыс тілінде)	3	5/5
КП ТК	ZhOO GAO 6307	ЖОО географияны оқыту әдістемесі (қазақ тілінде)	3	5/5
	MGZZh	Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	3,4	8/8
<b>4.2 Модуль- Географиядағы инновациялық технологиялар (28 академиялық кредит)</b>				
КП ЖК	GK 6304	Геоақпараттық картографиялау (ағылшын тілінде)	3	5/5
КП ЖК	GBZT 6305	Географиялық білім берудегі заманауи тенденциялар (қазақ тілінде)	3	5/5
КП ТК	AOADOMO 6306	Ақтөбе облысының аймақтық дамуының өзекті мәселелерін оқыту (орыс тілінде)	3	5/5
КП ТК	ZhOO GOIT 6307	ЖОО географияны оқытудағы инновациялық технологиялар (қазақ тілінде)	3	5/5
	MGZZh	Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	3,4	8/8

**4.1 Модуль- Оқыту әдістемесі және географияның заманауи проблемалары (28 академиялық кредит)**

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Геоақпараттық картографиялау (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Абдуллина А.Г.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** «Геоақпараттық картографиялау» пәні білім алушыларда кеңістіктік ойлау қабілетін, оларды зерттеу және басқару мақсатында нақты әлем объектілерінің кеңістіктік моделін құру дағдыларын қалыптастырады, геоақпараттық технологиялардың заманауи мүмкіндіктерін меңгертеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** Геоақпараттық жүйелер класының қазіргі заманғы бағдарламалары, геоақпараттық технологиялар саласындағы жаңа жетістіктер, кеңістіктік және олармен байланысты кеңістіктік емес мәліметтерді жинау, сақтау, өңдеу, талдау мен кескіндеу, ГАЖ қолданушыларға арналған толық-функционалды, масштабталған жүйесі - ArcGIS бағдарламасы.

**Пререквизиттері:** Физикалық география және ландшафттану (орыс тілінде), Геоэкологиялық білім (қазақ тілінде)

**Постреквизиттері:** болашақ кәсіби қызметтің және докторантурада білім алудың негізі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және күзiреттілік):** А) әлемдік білім беру кеңістігінің даму тенденцияларын, жоғары білім беру педагогикасының өзекті мәселелері, білім беру сапасын арттыру және кәсіби шет тілін меңгереді; В) ғылымға, білім беруге ақпараттық, инновациялық технологияларды (геоақпараттық карта жасау және т.б.) енгізу бойынша болашақ кәсіби қызметте және докторантурада білім алуды жалғастыруда қажетті білім деңгейін жетілдіреді.

С) Геоақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы мәліметтерді талдай алады, карталарды жасау үшін алынатын сандық мәліметтерді саралайды.

Д) ГАЖ-ортасында жұмыс жасауды меңгереді, ГАЖ мүмкіндіктеріне болжам жасайды.

Е) ГАЖ мүмкіндіктерінің географиялық ғылыми зерттеулердегі маңызына баға береді.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Географиялық білім берудегі заманауи тенденциялар (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Сулейменова Г.Ж.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** «Географиялық білім берудегі заманауи тенденциялар» пәні географиялық білім берудегі заманауи тенденцияларының теориялық-әдіснамалық негіздері мен түрлі кезеңдерде қалыптасу ерекшеліктерін білуге бағытталған. География ғылымына тән жинақтылық кең ауқымды географиялық негізде процесстерді және географиялық құбылыстардың уақыт кеңістігіндегі заңдылықтарды зерттеуге мүмкіндік береді.

**Пәнді оқытудың мақсаты: (негізгі бөлімдері):** Географияның университет ғылымы ретінде 20 ғасырдың 20-60 жылдары қалыптасуы; Географияның университет ғылымы ретінде 20 ғасырдың 70-90 жылдары қалыптасуы; Саяси география ғылым саласы ретінде; Тұрақты дамудың концепциясы; Саяси география және геосаясат; ТМД мемлекеттерінде географ мамандарды дайындау; Заманауи мектептерде географиялық білімнің негізгі тенденциялары; Географиялық және қоғамдық географиялық білім берудің негізгі бағыттары.

**Пререквизиттері:** ЖОО және ОАОО географияны оқыту технологиясы (қазақ тілінде), Жоғары мектептің педагогикасы (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттері:** болашақ кәсіби қызметтің және докторантурада білім алудың негізі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және күзiреттілік):** А) географиялық білімдегі заманауи тенденциялары бойынша теориялық білімдерін жетілдіруі;

В) география ғылымының қалыптасуының және әдіснамасының негізгі кезеңдері анықтау арқылы педагогикалық тәжірибеде қолдана алу;

С) географиялық ғылыми дамудың кезеңдерін, үрдістерін, тұжырымдамаларын, теорияларын және көзқарастарын ғылыми тұрғыдан талдай алу;

Д) білім берудегі түрлі тенденцияларды негізге ала отыра, географиялық білім беруде ұтымды пайдалана алу;

Е) түрлі тарихи кезеңдердегі географиялық білім берудің ерекшеліктерін салыстыра отыра сапалы білім берудегі бағыттарды бағалай білу.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Кубесова Г.Т.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** «Экономикалық география және аймақтық даму мәселелерін оқыту» курсы экономикалық география мен өңірлік дамудың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеуге бағытталған маңызды экономикалық – географиялық пәндердің бірі; еңбектің географиялық бөлінуі, экономикалық-географиялық орналасуы, экономикалық аудандастыру, халық шаруашылығының салалық, аумақтық құрылымы, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының көрсеткіштері, өңірлердің даму факторлары, ерекшеліктері мен перспективалары мәселелерін зерделеуге бағытталған.

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** Экономикалық және әлеуметтік географияның теориялық негіздері. Қоғамның аумақтық ұйымдастырылуы (ҚАҰ) және аймақтық даму теориясы. Еңбектің географиялық (аумақтық) бөлінуі туралы ілім. Экономикалық-географиялық жағдай туралы ілім. Табиғи жағдайлар мен ресурстарды экономикалық-географиялық зерттеу. Халық шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы. Экономикалық - географиялық аудандастыру. Қазақстан мен ТМД елдері экономикасының базалық салаларын қалыптастыру, дамыту, аймақтық даму және аймақтық өсу. Қазақстанның және басқа елдердің аймақтық даму факторлары мен ерекшеліктері.

**Пререквизиттері:** Білім берудегі сапа менеджменті (қазақ тілінде)

**Постреквизиттері:** болашақ кәсіби қызметтің және докторантурада білім алудың негізі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):** А)

Экономикалық география және аймақтық дамудың теориялық – әдіснамалық негіздерін, курс бойынша ұғымдық-терминологиялық аппаратты біледі; өңірлердің қалыптасуы мен дамуы, географиялық (аумақтық), Халықаралық еңбек бөлінісі (ХЕБ), экономикалық-географиялық жағдайы (ЭГЖ), халық шаруашылығы туралы түсініктері бар;

В) нарықтық экономика жағдайында әлемдік шаруашылық салаларын қалыптастыру, орналастыру және дамыту заңдылықтары туралы білімді меңгереді; экономикалық-географиялық аудандастыру туралы білімді пайдаланады; болашақ кәсіби қызметіндегі бағыт бойынша ақпараттық ресурстарды, әдеби дереккөздерді, картографиялық туындыларды қолданады;

С) өңірлердің даму деңгейін сипаттайтын негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді талдайды; халық шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы, аумақтық-өндірістік кешендер (АӨК) туралы білімдерін кеңейтеді; қоғам дамуының қазіргі кезеңінде өңірлік даму факторларының рөлін және олардың өзгеруін айқындайды;

Д) өндірістегі себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды; аумақтар мен жекелеген объектілердің кешенді экономикалық - географиялық сипаттамасының жоспарын жасайды; өнім өндіру бойынша графиктер, диаграммалар, кестелер құрады; ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу мәселелері бойынша қорытынды жасайды;

Е) халық шаруашылығының қазіргі даму жағдайын бағалайды; аймақтық даму мен аймақтық өсудің ерекшеліктері туралы білімдерін көрсетеді; табиғи жағдайлар мен табиғи ресурстарды бағалау бойынша білімдерін қолдана алады; Өңірлерді дамытудың перспективалық бағыттары бойынша идеялар ұсынады.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E).

**Пәннің атауы:** ЖОО географияны оқыту әдістемесі (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Сулейменова Г.Ж.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** «ЖОО географияны оқыту әдістемесі» курсы – магистранттарды география-тарих оқытушысы орындайтын түрлі міндеттерді шығармашылық шешуді қамтамасыз ететін, педагогикалық іскерліктермен және әдістеме

ғылымының теориялық әрі әдістемелік негіздерін, психологиялық, педагогикалық және географиялық ғылымдардың байланысында оқытады.

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** Орта мектептегі географиялық білімнің құрылымы мен мазмұны. Географияны оқыту әдістері. Географияны оқытудағы жаңа технологиялар. Географияны оқыту құралдары. Ұғымдар, заңдылықтар, мен құбылыстарды оқытудың әдістері мен түрлері. Геоинформатиканың негіздері және географиялық-ақпараттық жүйе (ГАЖ) – технологиясы. Географияның жекелеген курстарын оқып-үйренудің әдістері

**Пререквизиттері:** Геоэкологиялық білім (қазақ тілінде), Білім берудегі сапа менеджменті (қазақ тілінде)

**Постреквизиттері:** болашақ кәсіби қызметтің және докторантурада білім алудың негізі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):** А) білім берудің әдістері мен әдістемелерін, білім беру жүйесіндегі жаңалықтарды қолдана біледі; В) географияны оқытудағы зерттеу әдістерін меңгереді маңыздылығын түсінеді, С) географияны оқытуды ұйымдастырудың жолдарын зерттейді, D) мектеп географиясының жекелеген курстарын оқыту ерекшеліктерін тиімді қолданады, E) мектеп географиясының мазмұнын, оның жекелеген компоненттері мен курстарын зерттеп географияны оқыту процестерін талдайды.

## 4.2 Модуль- Географиядағы инновациялық технологиялар (28 академиялық кредит)

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E).

**Пәннің атауы:** Геоақпараттық картографиялау (ағылшын тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Абдуллина А.Г.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** «Геоақпараттық картографиялау» пәні білім алушыларда кеңістіктік ойлау қабілетін, оларды зерттеу және басқару мақсатында нақты әлем объектілерінің кеңістіктік моделін құру дағдыларын қалыптастырады, геоақпараттық технологиялардың заманауи мүмкіндіктерін меңгертеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** Геоақпараттық жүйелер класының қазіргі заманғы бағдарламалары, геоақпараттық технологиялар саласындағы жаңа жетістіктер, кеңістіктік және олармен байланысты кеңістіктік емес мәліметтерді жинау, сақтау, өңдеу, талдау мен кескіндеу, ГАЖ қолданушыларға арналған толық-функционалды, масштабталған жүйесі - ArcGIS бағдарламасы.

**Пререквизиттері:** Физикалық география және ландшафттану (орыс тілінде), Геоэкологиялық білім (қазақ тілінде)

**Постреквизиттері:** болашақ кәсіби қызметтің және докторантурада білім алудың негізі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):** А) әлемдік білім беру кеңістігінің даму тенденцияларын, жоғары білім беру педагогикасының өзекті мәселелері, білім беру сапасын арттыру және кәсіби шет тілін меңгереді; В) ғылымға, білім беруге ақпараттық, инновациялық технологияларды (геоақпараттық карта жасау және т.б.) енгізу бойынша болашақ кәсіби қызметте және докторантурада білім алуды жалғастыруда қажетті білім деңгейін жетілдіреді.

С) Геоақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы мәліметтерді талдай алады, карталарды жасау үшін алынатын сандық мәліметтерді саралайды.

D) ГАЖ-ортасында жұмыс жасауды меңгереді, ГАЖ мүмкіндіктеріне болжам жасайды.

E) ГАЖ мүмкіндіктерінің географиялық ғылыми зерттеулердегі маңызына баға береді.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E).

**Пәннің атауы:** Географиялық білім берудегі заманауи тенденциялар (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Сулейменова Г.Ж.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** «Географиялық білім берудегі заманауи тенденциялар» пәні географиялық білім берудегі заманауи тенденцияларының теориялық-әдіснамалық

негіздері мен түрлі кезеңдерде қалыптасу ерекшеліктерін оқытуға бағытталған. География ғылымына тән жинақтылық кең ауқымды географиялық негізде процесстерді және географиялық құбылыстардың уақыт кеңістігіндегі заңдылықтарды зерттеуге мүмкіндік береді.

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** Географияның университет ғылымы ретінде 20 ғасырдың 20-60 жылдары қалыптасуы; Географияның университет ғылымы ретінде 20 ғасырдың 70-90 жылдары қалыптасуы; Саяси география ғылым саласы ретінде; Тұрақты дамудың концепциясы; Саяси география және геосаясат; ТМД мемлекеттерінде географ мамандарды дайындау; Заманауи мектептерде географиялық білімнің негізгі тенденциялары; Географиялық және қоғамдық географиялық білім берудің негізгі бағыттары.

**Пререквизиттері:** ЖОО және ОАОО географияны оқыту технологиясы (қазақ тілінде), Жоғары мектептің педагогикасы (ағылшын тілінде)

**Постреквизиттері:** болашақ кәсіби қызметтің және докторантурада білім алудың негізі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):** А) географиялық білімдегі заманауи тенденциялары бойынша теориялық білімдерін жетілдіруі;

В) география ғылымының қалыптасуының және әдіснамасының негізгі кезеңдері анықтау арқылы педагогикалық тәжірибеде қолдана алу;

С) географиялық ғылыми дамудың кезеңдерін, үрдістерін, тұжырымдамаларын, теорияларын және көзқарастарын ғылыми тұрғыдан талдай алу;

Д) білім берудегі түрлі тенденцияларды негізге ала отыра, географиялық білім беруде ұтымды пайдалана алу;

Е) түрлі тарихи кезеңдердегі географиялық білім берудің ерекшеліктерін салыстыра отыра сапалы білім берудегі бағыттарды бағалай білу.

**Дублин дискрипторлары:** А) В) С) D) E)

**Пәннің атауы:** Ақтөбе облысының аймақтық дамуының өзекті мәселелерін оқыту (орыс тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Кубесова Г.Т.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** Ақтөбе облысының халық шаруашылығының салалық, аумақтық ұйымдастырылуы, қазіргі проблемалары мен аймақтың даму болашағы туралы түсінік қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** «Ақтөбе облысының аймақтық дамуының өзекті мәселелерін зерттеу (орыс тілінде)» курсы географиялық еңбек бөлінісі, экономикалық-географиялық жағдайы, салалық, аумақтық құрылымы мәселелерін зерттеуге бағытталған маңызды экономикалық-географиялық пәндердің бірі болып табылады. халық шаруашылығы, Ақтөбе облысының даму факторлары мен келешегі, алған білімдері болашақ кәсіби қызметінде үлкен маңызға ие.

**Пререквизиттері:** Геоэкологиялық білім (қазақ тілінде), Білім берудегі сапа менеджменті (қазақ тілінде)

**Постреквизиттері:** болашақ кәсіби қызметтің және докторантурада білім алудың негізі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және құзіреттілік):** А) аймақтық дамудың теориялық-әдістемелік негіздерін, курстың концептуалды-терминологиялық аппаратын біледі; аймақтардың қалыптасуы мен дамуы, географиялық (территориялық), халықаралық еңбек бөлінісі (МРТ), экономикалық-географиялық жағдайы (ЭГП), халық шаруашылығы туралы түсініктері бар;

нарықтық экономика жағдайында экономика салаларының қалыптасу, орналастыру және даму заңдылықтары туралы білімге ие болады;

С) экономикалық-географиялық аудандастыру туралы білімдерін пайдаланады; болашақ кәсіби қызметінде курс бойынша ақпараттық ресурстарды, әдеби дереккөздерді, картографиялық жұмыстарды қолданады;

D) өндірістегі себептік байланыстарды ашады; аумақтар мен жекелеген объектілердің кешенді экономикалық-географиялық сипаттамасының жоспарын жасайды; өнімдерді өндіруге арналған графиктерді, диаграммаларды, кестелерді құру; ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу мәселелері бойынша қорытынды жасайды;

F) ұлттық экономиканың қазіргі даму жағдайына баға береді; аймақтық даму және аймақтық өсу ерекшеліктері туралы білімдерін көрсетеді; табиғи жағдайлар мен табиғи ресурстарды бағалау бойынша білімін қолдана алады; өңірлерді дамытудың перспективалы бағыттары бойынша идеяларды ұсынады

**Дублин дискрипторлары:** A) B) C) D) E).

**Пәннің атауы:** ЖОО географияны оқытудағы инновациялық технологиялар (қазақ тілінде)

**Бағдарлама авторы:** Сулейменова Г.Ж.

**Пәнді оқытудың мақсаты:** Магистранттарды жоғары оқу орындарында географияны оқытуда инновациялық технологияларды қолдануға әдістемелік даярлау

**Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері):** Мұғалімдерді сапалы даярлау мәселесі педагогикалық мамандықтар үшін басым мәселе болып табылады, осыған байланысты ЖОО-лар алдында кәсіптік оқытудың инновациялық және тиімді әдістемелері мен технологияларын іздеуге және «ЖОО-да Географияны оқытудағы инновациялық технологиялар» курсы шешуге бағытталған оқу процесін іске асырудың тиісті ұйымдастырушылық - педагогикалық жағдайларын жасауға қатысты мәселелер мен мәселелер кешені туындайды.

**Пререквизиттері:** Геоэкологиялық білім (қазақ тілінде), Білім берудегі сапа менеджменті (қазақ тілінде)

**Постреквизиттері:** болашақ кәсіби қызметтің және докторантурада білім алудың негізі

**Оқытудан күтілетін нәтижелер (біліктілік, дағды және күзіреттілік):** A) IT және инновациялық технологиялар туралы теориялық білімге, олардың географияны оқытуда қолдану ерекшеліктеріне ие болу; B) оқыту бағдарламаларын цифрландыруда ақпараттық технологияларды игеру, оларды сабақтарды ұйымдастыруда тиімді қолдана білу, білім көзі ретінде ресурстарды (карталар, статистикалық және графикалық кестелер, бейнелер және т.б), ГАЖ мүмкіндіктерін қолдану; C) цифрлық білім беру ресурстарын қолдана отырып, сабақ құрылымдарын және нәтижелерді талдау; D) оқытуда қолдану ерекшеліктерін ескере отырып, әдістемелік құжаттаманы, нормативтік құжаттарды, стандарттарды, бағдарламаларды өз бетінше дайындау; E) Оқу процесінде қолданылатын әдістерді, педагогикалық процестің нәтижелерін бағалау. оқыту процесінде әдістердің тиімділігін болжау